

**«ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» акционерлік қоғамы (бұдан әрі - Қоғам)
акционерлерінің кезектен тыс жалпы жиналысының материалдары
2018 жылдың 22 қаңтары 10 сағат 00 минут**

Жиналыстың күн тәртібі:

«ҚазМұнайГаз» БӨ» АҚ акцияларының оларды Қоғам сатып алған жағдайдағы құнын белгілеу әдістемесіне» өзгерістер енгізу туралы

«ҚазМұнайГаз» БӨ» АҚ акцияларының оларды Қоғам сатып алған жағдайдағы құнын белгілеу әдістемесіне» өзгерістер енгізу туралы

«ҚазМұнайГаз» БӨ» АҚ (бұдан әрі – «Қоғам») Жарғысының 11.1-тармағының 15) тармақшасына сәйкес, акционерлердің жалпы жиналысының айрықша құзыретіне бағалы қағаздардың ұйымдастырылмаған нарығында Қоғамның оларды сатып алған кездегі бағалы қағаздарының құнын белгілеу әдістемесін бекіту жатады.

Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысының шешімімен бекітілген «ҚазМұнайГаз» БӨ» АҚ акцияларының оларды Қоғам сатып алған жағдайдағы құнын белгілеу әдістемесінің» (бұдан әрі – «Әдістеме») 8-тармағына сәйкес, Қоғамның бастамашылығы бойынша бағалы қағаздардың ұйымдастырылған нарығында айналымда тұрған акциялар мен депозитарлық қолхаттарды сатып алу акциялар мен депозитарлық қолхаттар айналымда тұрған бағалы қағаздардың ұйымдастырылған нарығында қалыптасқан ағымдағы нарықтық баға бойынша іске асырылады.

Алайда, Қоғамның ауқымды депозитарлық қолхаттарға (бұдан әрі – «АДҚ») қатысты 2017 жылғы 8 желтоқсанда жарияланған Тендерлік ұсыныстардың талаптарына сәйкес, Қоғамның бастамашылығы бойынша АДҚ сатып алу бір АДҚ үшін 14,00 АҚШ доллары бағасы бойынша іске асырылатын болады, яғни бұл 2017 жылғы 1 желтоқсандағы жағдай бойынша (мүмкін тендерлік ұсыныс туралы хабарланған күнге дейінгі соңғы сауда күні болып табылатын) бір АДҚ үшін 11,32 АҚШ долларына тең болатын 30-күндік орташа есептелген баға көлемі бойынша 23,7% мөлшеріндегі сыйақыны білдіреді. Осылайша, Тендерлік ұсыныстың шеңберінде АДҚ сатып алуды Қоғам сыйақыны қоса алғанда, көрсетілген баға бойынша іске асырады.

Осыған байланысты, акционерлердің жалпы жиналысына Әдістемеге мына төмендегідей өзгерістер енгізу ұсынылады:

«Бағалы қағаздардың ұйымдастырылған нарығында айналымда тұрған артықшылықты акцияларды Қоғамның бастамашылығы бойынша сатып алу Қоғамның артықшылықты акциялары айналымда тұрған Бағалы қағаздардың ұйымдастырылған нарығында қалыптасқан ағымдағы нарықтық баға бойынша іске асырылады.

Бағалы қағаздардың ұйымдастырылған нарығында айналымда тұрған Қоғамның жай акциялары мен депозитарлық қолхаттарды Қоғамның

бастамашылығы бойынша сатып алу Қоғамның жай акциялары мен депозитарлық қолхаттары айналымда тұрған Ұйымдастырылған нарықта қалыптасқан ағымдағы нарықтық баға бойынша, немесе директорлар кеңесі жай акциялар мен депозитарлық қолхаттардың нарықтық бағасын, Қоғамның жеке капиталының мөлшерін, Қоғамның даму жоспарына сәйкес оның өзгеру келешегін және өзге де факторларды ескеріп белгілеген өзге де баға бойынша іске асырылады.».

Қоғам акционерлері жалпы жиналысының Әдістемелікке жоғарыда көрсетілген өзгерістерді енгізу туралы шешім қабылдауы Тендерлік ұсыныстың күшіне енуі үшін қажетті үш талаптың бірі болып табылады.

Акционерлердің қарауына мынадай шешім енгізіледі:

«ҚазМұнайГаз» БӨ» АҚ акционерлері жалпы жиналысының 2008 жылғы 23 қаңтардағы шешімімен бекітілген «ҚазМұнайГаз» БӨ» АҚ акцияларының оларды Қоғам сатып алған жағдайдағы құнын белгілеу әдістемесіне» ұсынылған өзгерістер енгізілсін.

**«ҚазМұнайГаз» БӨ» АҚ
акционерлері жалпы жиналысының шешімімен бекітілген
№ _____ хаттама**

**Қоғам акционерлері жалпы жиналысының 2008 жылғы 23 қаңтардағы шешімімен
бекітілген «ҚазМұнайГаз» БӨ» АҚ акцияларының оларды Қоғам сатып алған
жағдайдағы құнын белгілеу әдістемесіне»
өзгерістер**

1. 8-тарау жаңа редакцияда жазылсын:

«Бағалы қағаздардың ұйымдастырылған нарығында айналымда тұрған артықшылықты акцияларды Қоғамның бастамашылығы бойынша сатып алу Қоғамның артықшылықты акциялары айналымда тұрған Бағалы қағаздардың ұйымдастырылған нарығында қалыптасқан ағымдағы нарықтық баға бойынша іске асырылады.

Бағалы қағаздардың ұйымдастырылған нарығында айналымда тұрған Қоғамның жай акциялары мен депозитарлық қолхаттарды Қоғамның бастамашылығы бойынша сатып алу Қоғамның жай акциялары мен депозитарлық қолхаттары айналымда тұрған Ұйымдастырылған нарықта қалыптасқан ағымдағы нарықтық баға бойынша, немесе директорлар кеңесі жай акциялар мен депозитарлық қолхаттардың нарықтық бағасын, Қоғамның жеке капиталының мөлшерін, Қоғамның даму жоспарына сәйкес оның өзгеру келешегін және өзге де факторларды ескеріп белгілеген өзге де баға бойынша іске асырылады.».